

Аудан тұрғындарының нысаналы топтарға жататын адамдарының қосымша тізбесі туралы

Қушiн жойған

Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 12 маусымдағы N 370 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Үржар аудандық Әділет басқармасында 2009 жылғы 30 маусымда N 5-18-81 тіркелді. Қаулысының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Үржар ауданы әкімінің аппаратының 2012 жылғы 14 қыркүйектегі N 04-13/2260 хаты)

Ескерту. Қаулысының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Үржар ауданы әкімінің аппаратының 2012.09.14 N 04-13/2260 хаты)

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 31- бабының 2 тармағы, « Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5, 7 баптарына, «Мемлекет Басшысының 2009 жылғы 6 наурызындағы «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 наурызындағы № 264 қаулысына сәйкес, еңбек нарығындағы жағдайды ескере отырып, жұмыспен қамту мемлекеттік саясатын іске асыру және жұмыспен қамту саласында қосымша мемлекеттік кепілдіктерді қамтамасыз ету мақсатында

Үржар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудан тұрғындарының нысаналы топтарға жататын адамдарының тізбесіне мынадай санаттар қосымша енгізілсін:

- 1) мектептер мен кәсіптік оқу мекемелерінің түлектері;
- 2) өндірісті ұйымдастырудың өзгеруіне, соның ішінде қайта ұйымдастыру және (немесе) жұмыс көлемінің қысқаруына байланысты толық емес жұмыс күні режимінде жұмыс істейтіндер;
- 3) еңбекақысы сақталмайтын демалыстағы адамдар;
- 4) жазғы каникул уақытындағы студенттер;
- 5) 50 жастан асқан әйелдер;
- 6) 55 жастан асқан азаматтар;
- 7) ұзақ уақыт (бір жылдан астам) жұмыс істемейтін адамдар;

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С.Ж.

Ш о қ а е в қ а

ж ү к т е л с і н .

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Үржар ауданының әкімі

Б. Жанақов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК